

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКА САБАҒЫНДАҒЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ҮШІН МЕМДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Бүлкенов Саян Мұратұлы

«Дарын» ММЛИ» КММ, физика пәні мұғалімі, Қарағанды қ.,
Қазақстан, sblkenov@inbox.ru

Омарова Гульден Сериковна


PhD, Физика және нанотехнологиялар кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, Академик Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
guldenserikovna@mail.ru

Мақалада физика сабағындағы оқушылардың қызығушылығын арттыру мәселесі қарастырылады. Қазіргі альфа ұрпақтың ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ барысында мемдарды қолданудың тиімділігі зерттеледі. Мемдар – оқушылардың эмоциялық есте сақтау қабілетін күшейтіп, сабақтың мазмұнын жеңіл әрі қызықты етуге мүмкіндік беретін құрал. Автор мемдарды жаңа тақырыпты түсіндіруде, тапсырмаларды орындауда және бағалау кезінде пайдалану жолдарын ұсынады. Сонымен қатар, бұл тәсілдің артықшылықтары мен оны тиімді қолданудың шарттары талқыланады. Мақала оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға, функционалдық сауаттылықты арттыруға және физика сабағына деген қызығушылықты жоғарылатуға бағытталған.

Кілт сөздер: физика сабағы, альфа ұрпақ, мем, есте сақтау, сыни ойлау, функционалдық сауаттылық, оқыту әдістері, мотивация, көрнекілік, бағалау, оқу процесі.

X, Y және Z ұрпақтың өкілдері ретінде біз мұғалімдерге альфа ұрпақтың оқушыларымен жұмыс жасау қиындықтар туғызуда. Неге? Себебі альфа ұрпақ өкілдері бір-бірімен тікелей қарым-қатынаста жоқ, гаджеттерінсіз өмір сүре алмайды. Онымен қоймай өз қалау-пікірлерін еркін жеткізіп, оны талап етеді. Альфа ұрпақтың біз үшін ең үлкен қиындық тудыратын тұсы ол – қысқа мерзімді ойлау жүйесі мен дағдысына ие болуында. Яғни олар сағаттар бойы конспект жазып оқудың орнына, 1-2 минуттық видеоларды көру арқылы білім алғанды ұнатады. Ал осы альфа ұрпақтан кейін олардан да өтіп кеткен W ұрпақтың келетінін ескерсек жан түршіктіреді.

Альфа ұрпаққа қайта оралайық. Оларға дәстүрлі білім беру жүйесі қызық емес. Сол себептен пән де қызықсыз болып көрінеді, әрі сол пәнді өмірде қажет емес секілді қабылдайды. Оқушылардың «Ағай, бізге физика не үшін қажет» деген сұрағы бір жағынан өзіннің әлі де жеткіліксіз педагог екенінді ұғындырса, бір жағынан оқушылардың қызығушылығының жоқтығын білдіреді (1-сурет).



1-сурет. Мем

Бұл тек жалғыз біздің емес, барлық жаратылыстану бағытындағы пәндердің мәселесі шығар. Осы орайда мен сіздерге мына сурет арқылы тек мәселені емес, сонымен қатар сол мәселенің шешімін де ұсынып отырмын.

Яғни, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақта мемдарды қолдануды ұсынамыз. Мем дегеніміз не? «Мемдар» немесе «интернет мемдар» – сөз, хат, видео, жезь ретінде сипатталып, адамнан адамға таралатын идея, символ, манера немесе ситуация. Жалпылама түрде мем деп адамды эмоционалдық күйге алып келетін ақпараттар легін айтсақ болады. Көбінесе сарказм немесе әзіл ретінде құрылады. «Мем» сөзін алғаш рет 1976 жылы биолог Ричард Докинз өзінің «Өзімшіл ген» атты еңбегінде пайдаланған [1]. Ричардтың айтуы бойынша биологиялық ақпараттар геннан тұратыны сияқты, мәдени ақпараттар мемдардан тұрады. Ал дәл қазіргі уақытта мем деп әлеуметтік желіде кең тарап кеткен танымал аудиолар, видеолар, суреттер немесе хаттар айтылады.

Мемдарды оқу процесінде қолдану шет елдерде Қазақстанға қарағанда елеулі түрде дамып кеткен, әрі бірнеше жылдық тәжірибелері


бар. Көршіміз Ресей елінде мемдарды оқу процесінде қолдану туралы дипломдық жұмыстар да жазылып қойған [2]. Ал бізде ауыз толтырып айтатындай жетістіктеріміз жоқ. Оның өзінде де шетелдік тәжірибелер тек гуманитарлық пәндер бойынша ғана. Әсіресе тіл сабақтарында қолдану кең танымал. Ал физика пәні бойынша тәжірибе жоқтың қасы.

Енді осы мемдарды физика сабағында қолданудың 3 түрлі жолын ұсына аламын. Олар:

- жаңа тақырыпты есте сақтау үшін;
- физикалық тапсырмаларды орындау үшін;
- оқушыларды бағалау үшін.

Жаңа тақырыпты есте сақтау. Бұл қалай жұмыс жасайды? Эмоционалды жады арқылы жүзеге асады. Эмоционалды жады дегеніміз – эмоциялық әсері бар, нақты бір іс-әрекетпен байланысты болған ақпаратты есте сақтау түрі. Қысқаша айтар болсақ: Жаңа тақырыпты өтеміз, оған мемды қосамыз және плюс эмоция, яғни, бәріміз күлеміз. Нәтижесінде ақпарат есте сақталып қалады. Демек ақпаратты эмоциямен байлау. Мемдарды қолданудың бұл түрін Қазақстанда ең алғаш болып тарих пәнінің мұғалімі Жандарбек Айткүл ханым ұсынды.

Мысал ретінде амплитуда дегеніміз – дененің тепе-теңдік күйден ең үлкен ауытқуы. Осыдан соң келесі мемді: амплитуда-амплисюданы көрстеміз (2-сурет). «Туда-сюда» сөзі арқылы оқушы ақпаратты жақсы сақтайды.



2-сурет. Мем «Амплитуда-амплисюда»

Физика сабағында мемдарды қолданудың артықшылықтары:



- Оқушылардың сыни ойлауын дамытады.
- Функционалдық сауаттылықты арттырады
- Оқушылардың қызығушылықтарының артуы

- Сабаққа көрнекілік береді
- Тақырыпты түсіндіру мен бағалаудың көңілді формасын ұсынады.

Мемдарды әртүрлі тапсырмалар ретінде қолдануға болады. Солардың бірі мемды тақырыпқа байланысты түрлендіру (1-кесте).

Мемдарды бағалау кезінде қолдану барлықтарыңызға түсінікті шығар деп ойлаймын. Оқушының жұмысына баға әрі оның қасына көңілді мемдар қою оқушының мотивациясына әсерін тигізеді.

1-кесте. Мемды тақырыпқа байланысты түрлендіру.

Тақырып	Мем	Дұрыс жауабы
Электростатика (8-сынып)		

Дегенмен де мемдарды сабақта қолдаудың тиімді жолы – оларды орынды қолдана білу мен релеванттылықта. Мемдар оқу мақсаттарына сай болып қана қоймай, оқу процесіне кері әсерін тигізетін емес, керісінше оқу процесін толықтырушы құрал болуы тиіс. Бұл әдіс тиімді әрі жеңіл қабылдануы үшін оқушылардың жас ерекшеліктері мен мәдени контексттерді ескеру қажет. Жалпы қорытындыласақ физика сабақтарын қызықты етіп өткізу үшін сабағымызға эмоция қосуымыз керек. Физика + эмоция = жетістік. Эмоция альфа ұрпақты бағындырудың қысқа жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Докинз, Р. (1976). Эгоистичный ген. Oxford University Press.
2. Чудинова О. А. Интернет-мем как «ключ» к русской классике // Научно-методическая работа в образовательной организации. 2021. № 1 (9). С. 10–12.